

# **СБОРНИК СТАТЕЙ**

**Международной научно-практической  
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:  
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,  
посвященной 25-летию со дня основания  
Евразийского национального университета  
имени Л.Н. Гумилёва**

**25-26 февраля 2021 года**



**г. Нур-Султан, 2021**



**СБОРНИК СТАТЕЙ**  
**Международной научно-практической**  
**конференции молодых ученых**  
**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:**  
**НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ**  
**XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

*25-26 февраля 2021 года*

г. Нур-Султан, 2021

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

**Н90**

*Рецензенты:* И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)  
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

*Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали*

**Члены редколлегии:** д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

**Н-90** «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

**IBSN 978-601-337-505-2**

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

**IBSN 978-601-337-505-2**

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

## Ф. М. ДОСТОЕВСКИЙДІҢ «СЕЛО СТЕПАНЧИКОВО ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ» ПОВЕСТІНДЕГІ ФРАНЦУЗ ТІЛІ

АБУБАКИРОВА А.А.  
ЕКІНШІ КУРС СТУДЕНТІ

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Қазақстан Филиалы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*Аннотация:* Бұл мақала Ф.М.Достоевскийдің «Село Степанчиково және оның тұрғындары» туындысындағы француз тілінің рөліне арналған. Мақаланың басында жазушыға француз тілінен сабақ берген алғашқы ұстаздары, Ф.М. Достоевскийдің француз тіліне деген көзқарасы туралы және француз тілінің XIX ғасырдағы қоғамдағы орны туралы мәлімет берілген. Мақалада «Село Степанчиково» шығармасындағы оннан астам француз сөздері зерттелген. Осымен қатар бұл туындыда француз жазушыларының шығармалары атап өтілген: мысалға алсақ, Э.Сюдің «Брюссель құпиялары» романы. Осындай ұсақ-түйектер бүкіл туындыны түсінуде үлкен рөл атқарады.

*Кілтті сөздер:* Ф.М. Достоевский, Село Степанчиково, француз тілі.

## ҚАЗІРГІ ПОЭЗИЯДА ЫРҒАҚ ТУДЫРУДА ӨЛЕҢ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Рамазанова Н.Р.

2-курс магистранты

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

[naz-erke-naz84@mail.ru](mailto:naz-erke-naz84@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі – Үсен А.Ә.

ф.ғ.д., профессор

[aierke0102@mail.ru](mailto:aierke0102@mail.ru)

Қазіргі поэзиядағы ырғақтың жасалу жолы сан түрлі. Силлабикалық өлең жүйесінде ырғақ тудыруға буын, бунақ, тармақ, шумақ сияқты компоненттер негіз бола алатыны белгілі. Ал инверсия, интонация, ұйқас арқылы ырғақ қашанда түрленіп отырады. Сол сияқты, біздің байқауымызша, силлабикалық ырғақ түзуде бұдан өзге де амалдардың қызметі зор. Қазіргі ақындардың өлеңдерінен көп байқағанымыз, ырғақты түрлендіруде **өлең тасымалының** сәтті пайдаланылуы дер едік. Бұл терминнің француз тілінде «*тасымал*» деген мағына білдіретін «**enjambement**» («анжамбман») деген атауы да бар. «Анжамбеман (*анжамбман; enjambement*) – интонациялық-синтаксистік байланыстың метрикалық қатармен сай келмеуінен фраза бөлігінің бір тармақтан екінші тармаққа тасымалдануы. Өлеңді оқыған кезде паузамен (кідіріспен) айқындалады, онсыз өлең ырғақ мәнерінен айырылады. Бүтін сөз, сол сияқты оның бөлігі тасымалдануы мүмкін» [1]. Бұл ұғым орыс әдебиеттану ғылымында Г. А. Шенгели, Ю. Н. Тынянов, В. М. Жирмунский, М. Л. Гаспаров, М. И. Шапир және тағы басқа да ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген. Ал қазақ ғалымдары ішінде алғашқылардың бірі болып қалам тартқан – тілші ғалым Рәбиға Сыздық. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын зерттеген Рәбиға Сыздық хакім өлеңдеріндегі тасымалды да қарастырған. Ғалым орыс филологиясындағы

анықтамаларға сүйене отырып, өлең тасымалына мынадай анықтама береді: «Өлеңнің тасымалы өлеңнің тармағы мен оның синтаксистік бөлінісінің шекаралары сайма-сай түспейтін сәттерінде пайда болады, ашып айтсақ, өлеңдегі белгілі бір айтылмақ ой (сөйлем) бір тармақтан асып, келесі тармақтың ортасында аяқталса, немесе бір тармақта айтылатын ой (сөйлем) оның алдындағы тармақтың жартысынан басталса, ондай синтаксистік құрылым өлең тасымалы болып шығады» [2,339]. Сөйтіп ғалым тасымал нышандарының Абай өлеңдерінде кездесетінін мысалдармен дәлелдеп береді.

В. М. Жирмунскийдің тұжырымы бойынша: «Өлең тасымалы – ол ауыз екі өлеңге («говорный стих») тән құбылыс және поэзияның музыкадан ажыраған дәуірінде дамиды. Ауыз екі өлең композициялық еркіндікке ие және проза тілі мен ауыз екі интонацияға жақындауға ұмтылады. Солайша өлеңнің алғашқы әндік құрылымына тән айқын композициялық шекті бұзады» [3,180]. Өлеңнің прозалық стильге жақындаған бүгінгі дәуірінде тасымал қазақ поэзиясында еркін норма ретінде кеңінен пайдаланылып жүр. Мұны өлеңтанушы ғалым А. Үсен былай деп атап өтеді: «Қазіргі жаңа форма жасап жүрген ақындарда тасымал мен үзіліске ерекше мән беріліп жүр. Тасымал үзілістен гөрі ерте қолданысқа еніп, қазіргі күнде де белсенді поэзиялық айналымда» [4,78].

XXI ғасырдың екінші он жылдығында әдебиетке келген біршама жас ақынның өлеңдерін қарастыра келе, өлең тасымалына мысал боларлық үзінділерді таңдап алдық. Жас ақын Еділбек Дүйсеннің «Алданған» деген өлеңіндегі тасымалға назар аударайық:

Уақыттың қарызы келеді әлі өтелмей,

**Көлеңкесі көліктің езіп... жаншып кетердей**

**үрейімді үрлейді. О, о несі, о несі?**

**Өздеріндей мен-дағы бір ғұмырдың егесі**

**емеспін бе? Бақ пен сор арқалаған, жоқ қармап,**

**Көше шамы бітетін теңіз жақты бетке алған. [5]**

Өлең егіз ұйқасқа құрылған қос тармақтардан тұрады. Байқасақ, екінші тармақтың соңы алдыңғы ұйқасушы сөзге және 14 буынды ырғақтық құрылымға бағынып, тармақаралық кідіріс арқылы келесі тармақтың басына ұласып кетіп отырады. Бұл өлеңдегі тасымал ырғақтың бірқалыпты шығуына қызмет атқарып тұр.

Өлеңнен жаңа поэзияның өз таным-түйсігі байқалады. Қоғамдағы келеңсіздіктердің көбі лирикалық кейіпкердің көңіліне олқы. Үмітсіздік пен үрей жетегіндегі, бақ пен сор арасындағы жан күйзелісі өлеңге өзек болған.

«Көшпендінің қираған шаңырағындағы» ошақтан шыққан әлсіз түтінге жанын жылытқан үміт те бар.

Ақын Файзулла Төлтайдың «Катарсис» өлеңінің ырғақтық жүйесі дербес ырғақтық-синтаксистік және біртұтас синтаксистік құрылымдарды тасымалдау арқылы жасалған.

Бәрі – бөтен. Бәрі – жат.

бір өзгеше күйге еніп,

**Өмір жазған Өлеңнің шимайына иленіп**

**отырамын –**

адамдай Жалғыздығын жерлеген.

**Қанды аңсаған қанжардың иесі едім.**

**Мен деген –**

Дәруішпін адасқан.

Жол көрсетші, ақық түн.

Өз ішімнен Өзімді іздеймін деп жалықтым.

Жалғыз Үрей –

**мұң тұнған жүрегімнің ішіне**

**бір құдайды таппаймын Шам жарығын түсірер.**

Панасы жоқ пақырдай шағамын кеп Айға мұң.

Түбі мені құртады шөл мінезді Ойларым: –

...күдіретті Сөздердің тасасына тығылған,

**менің аппақ періште – әлемімді ұғынған**

**бір Жан болса,**

мәңгілік кетер едім соңынан.

Сол арқылы іздеген Тәңіріме жолығам... [6]

Бұл өлеңде 14 буынды өлшем ырғақтық түрленуге түскен. Мысалы, «Өмір жазған Өлеңнің шимаына иленіп отырамын» дегенде тармақ жігі мен сөйлем жігі сай келмей, «отырамын» сөзі өлең тасымалымен келесі тармаққа ығысады. Ақын он төрт буынды өлең өрнегін кейде тұтас алып, кейде интонациялық кідіріске орай жеке тармақтарға бөле отырып, жаңа форма беруге тырысқан.

Катарсис деген ұғымның өзі – рухтың тазаруы. Өлеңнен бәрін жатсынған, бөтенсіген, тіпті өзінен өзі жеріген жанның аппақ әлемді, бір Тәңірді аласұра аңсағанын түйсінесің. Сөйте тұра көңілін күпті еткен үрей басым. Бұл тіпті де Құдайдан қорыққан пенденің үрейі емес. Мұңға шыланған жүректі Нұрға шомылдырар құдайды таппаймын ба деген үрей. Бұл «қай құдайға құл болып жүргендігін» білмейтін дүрмек арасында адасқан жанның сеніміне түскен сызат қана. Әйтпесе, ақынның іздеген Тәңірі өзінің аппақ періште әлемінде екенін сезесің. Кеудесінен ұшқан Хақты аңсаған көгершін мұңмен, қасіретпен жанды тазартар өлең екені анық.

Мың сан күдік, мың сан ой – санада кіл,

Тек күнәлі сезімім арада тұр.

Біз ғашық ән айтылмай... **Жүрек қазір -**

**Жүз ғасырға қартайып бара жатыр [7].**

Бұл – жас ақын Әсел Кәрібайдың өлеңінен алынған үзінді. Мұнда өлең тасымалы дәстүрлі 11 буынды өлшемде жасалған. Сезімі суыған жүректің мұңын тасымал мен тыныс белгілерін пайдалану арқылы оқырманға сәтті жеткізе алған. Бұл жерде өлең тасымалы, соған сай интонациялық кідіріс сезім сырын әсерлі беріп, шынайылығын арттыра түскен.

Біз жоғарыда келтірген мысалдарда өлең өлшемі сақталған тармақтар шегі мен синтаксистік бөлінісінің сай келмеуінен болған өлең тасымалы айтылды. Ал, енді қазіргі поэзияда, әсіресе белгілі бір өлшемі сақталмайтын, ырғағы еркін, интонациялық тұрғыдан ауыз екі сөйлеуге жақын болып келетін ерікті өлеңдерде

(верлибрлерде) де өлең тасымалы – ырғақ тудырушы амалдардың бірі. Ерікті өлеңдерде тасымалды қолдану айнымалы ырғақтарды синтаксистік тұрғыда үйлестіруге тән ерекшелік және верлибрлердің бірден-бір «поэзиялық» белгісі десек болады. Мұны өлең тасымалына верлибрдің әкелген эволюциялық сипаты деп тұжырымдауға да болады. Қазіргі заманғы ерікті өлеңдер ырғақтық-синтаксистік құрылымға негізделіп, мұндай өлеңдерде көбінесе өлең тасымалы өлең жолдарының шегін белгілейтін құрал ретінде қолданылып жүр. Осылайша, өлең тасымалы әрі еркін ырғақты өлеңге интонациялық қарқын беріп, әрі поэзия мәтінінің динамикасына ықпал ете отырып, ерікті өлеңнің өлшемін айқындаушы рөлін иеленеді. Өйткені ол өлең тармақтарының шегін және осылайша тілдік материалды өлең жолдарына бөлудің маңыздылығын баса көрсетіп, өлеңнің айқын ерекшелігі болып саналатын ырғақты сезінуге көмектеседі.

**Жас ақын Ұмтыл Зарыққанның «Алтай» өлеңінен үзінді келтірейік:**

Бір қанатынан таң атса,  
Бір қанатына күн батқан, Алтай,  
сен бізді кешір.  
Кенеуі кепкен кәрі емшекке кеміріктенген  
біз де бір – жетім,  
сен де бір – жесір.  
Қалың қорымдар арасынан оянам ылғи  
қаһарлы жолыңа  
қап-қара жаңбырлар тұрғанда құйып.  
Қонарға қалқа таба алмай  
шалықтап жүрген,  
бір жұтым күй екенмін деймін  
табаным ысып,  
мандайым суып [8].

Тұтас синтаксистік құрылымдарды тасымалдау арқылы жасалған өлең тармақтарының шегі интонациялық-логикалық кідіріске орай белгіленіп отырады. Ақын өлеңін оқығанда Алтайдың аза бойыңды қаза қылар қаһарлы тарихы, «қара нардың бұйдасын жау кескен» қаралы көші көз алдыға келеді. Ақынның Алтайды мыңжылғы Мықан ағашына балауы да өзімізше ой түюге жетелейді. Мықан ағашы – түркілік танымда өмірдің бастауы, мәңгілік өмір. Осы арқылы ақын Алтайдың адамзаттың кіндік мекені екенін меңзейтіндей.

Дәл осы іспетті жас ақын Арман Әділбектің «Қоңырдың» қоңыр сағымы» атты өлеңінің психологиялық әсері де басым.

Қардың бетінде қылтиған қурайдың сынған ұшын  
Үрлейді желі Арқаның  
Бейуақ сайын ызындатып.

...

Топты қарғаның  
Тоқсан жыл бұрынғы шаттығын аңсап Қарқылдасқанын естіп  
Оянып кетемін ұдайы,  
Бейіт үстіне салынған сарайда үрейлі түс көріп жатып.

...

Дар ағашына байланған арқанды есіп жатып оянып кетемін,  
Жазалының басына киілетін қапты тігіп жатып оянып кетемін,  
Сәбидің уыз етін салған қазанға от жағып жатып оянып кетемін [9].

Өлеңді оқып отырғанда бірден Әбікен Хасеннің «Қоңыр» күйі мен оның басынан кешкен тағдыр-тәлейі елес береді. Осы бір сынған қурайдың ызыңы азалы жоқтаудай кеуденді кернейді. Лирикалық кейіпкердің шошып оянған түсін ұлт санасының беймәлім түкпірінде шөгіп жатқан үрейлі үкімдер мен қанқасап жазалардың түс-ойларға көшкендегі көрінісі деп түсіндік. «Бейіт үстіне салынған сарайда тоқсан жыл бұрынғы шаттығын аңсап отырған топ қарғалар» ұлттың көрін қазудан бүгін де тайынбайтынын сезесің. Өлеңнен өзге емес, өз қолыңмен жасаған қылмысың мен күнәңа толы тарихыңды оқисың.

Өлеңдегі тармақ, ырғақ, синтаксис арасындағы байланыс бірде реттеліп, біресе бұзылып отырады. Сондықтан поэзия мен прозаның біте қайнасуынан туған туынды ретінде қабылдадық. Айталық, «Қардың бетінде қылтиған қурайдың сынған ұшын үрлейді желі Арқаның бейуақ сайын ызыңдатып» деп келетін біртұтас синтаксистік құрылым бірінші тармақтан соң, 8 буынды тармақтарға тасымалданып, инверсия арқылы прозалық сипаты бәсеңдейді.

Байқағанымыздай, өлең тасымалы қазіргі еркін ырғақтарда графикалық сипатқа да ие. Өйткені өлең тасымалының көмегімен өлеңнің графикалық сұлбасы да өзгереді. Нәтижесінде өлең жолдары белгілі бір өлшемдік ретке келіп, мәтіннің өлеңсөзге жататынын да айғақтап тұрғандай.

Сонымен тасымал өлеңдегі ырғақтық-синтаксистік құрылым құрамындағы сөздерге интонациялық әрі логикалық екпін түсіре отырып, өлеңнің эмоционалдық мазмұнын арттырады. Сөйтіп, қазіргі заманғы өлшемнен азат ерікті өлеңдерде синтаксистік тұтас құрылымдардың тармақтарға бөлінуін белгілеп береді. Мұндай түрдегі өлеңдерде тасымалды қолдану өлең тармағының белгілі бір шегін айқындайтын қажеттілік десек те болады.

#### Әдебиеттер:

1. Владимир Шилин. Словарь литературоведческих терминов [Электронный ресурс]. URL: <http://www.rifma.com.ru>.
2. Р. Сыздықова. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 580.
3. Жирмунский В. М. Введение в метрику. Теория стиха. – Л., 1925. – 290 с.
4. А.Үсен. Өлеңтанудың жалпы курсы. – Алматы: Эверо, 2015. – 296.
5. Еділбек Дүйсен. Құс жолы бүрлеп төбеңде... [Электронды ресурс]. URL: <http://www.madeniportal.kz/article/576>.
6. Ф. Төлтай. Қос есікті түстер. – Ыстамбұл, 2020.
7. Әсел Кәрібай. Рухым менің оралады Алтайға, Қар қызына айналып! [Электронды ресурс]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/23532/>.
8. Ұмтыл Зарыққан. Өртенген теңізге құлаған күн. [Электронды ресурс]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/umtil\\_zarikkan\\_ortengen\\_tenizge\\_kulagan\\_kun\\_22322](https://adebiportal.kz/kz/news/view/umtil_zarikkan_ortengen_tenizge_kulagan_kun_22322).
9. Арман Әділбектің өлеңдері. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/olen/18311>.

*Аңдатпа:* Мақалада ырғақ пен өлеңсөз синтаксисінің өзара байланысынан туындайтын өлең тасымалын поэзия мәтінінің ырғақтық-интонациялық құрылымына әсер ететін құрал ретінде



қарастыруға тырысады. Қазіргі ақындардың өлеңдеріндегі еркін ырғақтарды талдай отырып, өлең тасымалының ырғақ жасаудағы мүмкіндігі қарастырылады.

*Түйін сөздер:* ырғақ, буын, тармақ, өлең тасымалы, кідіріс, интонация, верлибр.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СТИХОВОГО ПЕРЕНОСА В РИТМООБРАЗОВАНИИ В СОВРЕМЕННОЙ ПОЭЗИИ

*Аннотация:* В статье предпринимается попытка рассмотреть стиховой перенос, возникающий в результате взаимодействия ритма и синтаксиса стихотворной речи, в качестве средства, влияющего на ритмико-интонационной структуры поэтического текста. На примере анализа свободных ритмов современных поэтов рассматриваются ритмообразующие потенции стихового переноса.

*Ключевые слова:* ритм, слог, строка, стиховой перенос, пауза, интонация, верлибр.

## THE USE OF ENJAMBMENT IN RHYTHM FORMATION IN MODERN POETRY

Ramazanova N.R.

undergraduate 2 years of study

ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

*Abstract:* The article attempts to consider enjambment that occurs as a result of the interaction of the rhythm and syntax of poetic speech, as a means of influencing the rhythmic and intonational structure of the poetic text. On the example of the analysis of the free rhythms of modern poets, the rhythm-forming potencies of enjambment are considered.

*Keywords:* rhythm, syllable, line, enjambment, pause, intonation, verlibr.

## ГРАЖДАНСКАЯ ВОЙНА В РОМАНЕ М.А. БУЛГАКОВА «БЕЛАЯ ГВАРДИЯ»

*Закирова Р.Г.*

*студент 2 курса*

*КФ МГУ им. Ломоносова, г. Нур- султан, Казахстан*

[\*rmnzakirova@gmail.com\*](mailto:rmnzakirova@gmail.com)

*Научный руководитель - Кривошанова Т.В.*

*д.ф.н., профессор*

[\*krivoshapova\\_t@mail.ru\*](mailto:krivoshapova_t@mail.ru)

В 1923-1924 гг. М.А. Булгаков начинает писать роман «Белая гвардия». Это нам известно из его автобиографии: «Год писал роман «Белая гвардия». Роман этот я люблю больше всех других моих вещей»[1]. Политическая жизнь Украины: времена 1918-1919 гг. была отражена на страницах романа. В этом произведении мы можем увидеть отношения к происходящему Михаила Булгакова. События были взяты из рассказов очевидцев и газет, поэтому в большинстве своем «Белая гвардия» описывает практически все крупные события того времени.

19 января 1925 года Булгаков приступает к созданию пьесы «Дни Турбиных», в основу которой был положен тот же роман «Белая гвардия». 5 октября 1926 года состоялась ее премьера в МХАТ под руководством И.Я. Судакова и К.С. Станиславского. Первое печатное издание выходит в Германии в 1927 году, и лишь в 1955 году эта пьеса была опубликована в Советском Союзе.

М.А. Булгаков достаточно серьезно относился к написанию своего первого романа, это известно по воспоминаниям Паустовского: он специально приезжал в